

важными являются базовые общепрофессиональные знания, чем углубленные профессиональные и инновационно-исследовательские. Ни обучающиеся, ни преподаватели не признают важными такие компетенции, как управление информацией и маркетинговые технологии (эти компетенции важны для работодателя). В целом же мнение обучающихся в большей мере совпадает с мнением работодателей [9].

#### Литература:

1. Е. А. Самойлов. Философия образования. – 2009. - № 3. -С. 165-173.
2. Дудаев Г.С-Х. Фундаментальные исследования. - 2014. - № 6-2. - С. 350-354.
3. Сыманюк Э.Э., Шемятихина Л.Ю., Синякова М.Г. Фундаментальные исследования. – 2009. - №5. - С.141–146.
4. Двойцова И.Н., Есенжулова Л.С. Фундаментальные исследования. - 2014 г. - № 1. - С. 119-123.
5. Хуторской А.В. Дидактическая эвристика: Теория и технология креативного обучения. – М.: Изд-во МГУ, 2003. – 416 с.
6. Общеэкономический и экономико-математический объяснительный словарь Лопатникова Л.И. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://slovar-lopatnikov.ru/>. (дата обращения: 17.01.14).
7. Современные образовательные технологии: учеб. пособие / коллектив авторов; под ред. Н.В. Бордовской. – 3-е изд., стер. – М.: КНОРУС, 2013. – 432с.
8. Ковчина Н.В., Игнатова В.В. Фундаментальные исследования. – 2014. - № 12-6. - С. 1284-1288.
9. Абубакирова М.И., Вербицкая Н.О. Фундаментальные исследования. – 2014. - № 5-4., С. 834-839.

## БИОЛОГ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІГІН ДАМЫТУДАҒЫ ЗООЛОГИЯ ПӘНІНІҢ ОРНЫ.

Қартбаева Г.Т., б.ғ.к., доцент; Шайбек А., б.м., аға оқытушы,  
Жумашева К.А., б.м., аға оқытушы  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Берілген мақалада қазіргі кездегі оқыту әдістері талданған. Зоология пәні бойынша оқыту үрдісінің ерекшеліктері көрсетілген. Жалпы биолог мамандарын даярлаудағы тиімді әдістер берілген.

*Түйіндеме сөздер:* Зоология, модуль, оқытудың интегралды технологиясы, ақпарат, білім беру ресурстары.

Қазіргі таңда оқу үрдісінде жаратылыстану саласының Биология мамандықтарын дайындауда зоология пәнінің орны ерекше. Зоология пәні оқу далалық практикасымен жалғасады, табиғатқа бақылау, тәжірибе жұмыстарын жүргізу, нақты материалдар жинау арқылы зоология курсының теориясы практикамен ұштасады, бекиді. Организмдердің бір бірімен және қоршаған ортамен байланысының күрделілігін ол жергілікті фаунамен танысу, омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың негізгі биологиялық ерекшеліктерін білу арқылы жүзеге асады.

Модульдік білім беру бағдарламасының жаратылыстану бойынша оқытылатын пәндерді жүргізуде жана интерактивтік әдістер қолдану, қашықтықтан оқыту және оқытудың интегралды технологиясын, ақпараттық білім беру, сандық білім ресурстарын, танымдық, сараптау, қолдану өрісін, шығармашылық, дарындылық қасиеттерін дамытудың маңызы зор. Ақпарат көздерінің қолжетімділігі, көптігі, алуантүрлілігі, студенттерді тұлға ретінде жан жақты дамытады.

Жоғарғы оқу орындарында білім беру бағдарламаларының қайта қалыптасуы (модульдік,) ресурстық мүмкіндіктерінің кеңеюі (электрондық залдар), соңғы техникамен қамтамасыз етілген жаңа ғылыми зертханалардың ашылуы, биолог мамандарын даярлауда оқыту үрдісінде инновациялық әдістерді қолдануды оқытудың халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізу қажеттілігін көрсетеді және талап етеді.

Қазіргі кезде студенттерді зоология пәнінен оқытудың дәстүрлі (дәрістік, практикалық, зертханалық) әдістері мен қатар келесі әдістер түрлері қолданылады: түсіндірме-көрнекі (дәріс, әдістемелік әдебиет, экран) репродуктивті (үлгі, нұсқаулар, ережелер бойынша) дискуссия; өзара сұрақ жауап (жекпе-жек); қызықтыратын тақырып бойынша баяндама; реферат жазу; тақырып бойынша мультимедиялық презентация құрастыру, қорғау; графиктік, схемалық тапсырмалар орындау; кесте толтыру; тақырыптық конференция өткізу; тәжірибе жасау және оны рәсімдеу; жасаған барлық жұмыс түрлері бойынша есеп тапсыру; альбомға сурет салу; жануарлардың таралуы бойынша карта құрастыру; электрондық карта жасау; шығу тегі бойынша генологиялық карта;

салыстырмалы кесте; систематикасы бойынша жіктеу схемасы т.б.; биологиялық анықтауыш, сөздік, глоссарий.

Зоология пәні бойынша жоспарланған тапсырмалар орындау студенттердің танымдық қызығушылығын арттырады. Соңғы әдістемелік тәсілдерді кешенді қолдану зерттеу, оларды ізденіс жұмыстарына бейімдейді. Студенттердің кәсіптік құзырлықтарын айқындайды. Оқытудың белсенді әдістерін қолдану маңызды компетенцияларды қалыптастырады – білім, дағды, игеру, өзбетінше жетілуге ұмтылыс, сонымен қатар оқытушы да студенттермен бірге ізденеді және кәсіби ортада жетіледі.

Оқытудың инновациялық әдістері жаңа әдістерімен сипатталатын, оқу материалдарын меңгеру үрдісіндегі тәжірибелік жұмыстардағы жаңалы [1]. Инновациялық оқытудың белсенді әдістері мен түрлері кәсіби білімді меңгеруде студенттердің шапшаңдығымен және белсенді ойлауын тәжірибелік жұмыстарын жігерлендіреді. Қойылған барлық мақсат, міндеттерді, оқыту принциптерін орындауға мүмкіндік береді. Оқытудың жаңа әдістері мен әдістемелерін енгізу білім беру жүйесінің қайта құрылуын қарастырады. Студенттердің білім сапасын, арттыру әртүрлі тақырып бойынша оқыту әдісін дұрыс таңдай білу және қолданумен тікелей байланысты. Студенттер дәріс материалдарын өзбетінше немесе оқытушы жетекшілігімен меңгереді. Соның бір мысалы ретінде СОӨЖ жұмыстарына тоқталсақ; ол суреттер мен анықтамалар және оларды талдау, салыстыру сондай ақ 8-10 слайд көлемінде презентация тапсырады, бірінші слайдта тақырыбы, баяндамашы туралы ақпарат көрсетіледі. Кейіннен тақырыптың өзектілігі, әдебиетер тізімі, статистикалық мәліметтер беріледі, тақырып ашылады, қорытынды жасалады, мәліметтер жинайды, оларды талдайды, өңдейді.

Талқылаулар оқыту үдерісінде кейіннен пайдаланылатын танымдық қызмет сипатындағы әдіс. Оның негізгі білім алушылар арасында ұсынылған тақырып бойынша белгілі бір тәртіппен өзара пікір, идеялар мен көзқарастарымен алмасуына мүмкіндік береді. Оларды курс шеңберіндегі өзекті мәселелерді ашып көрсетуде конференциялар мен дөңгелек үстелдер, семинарлар сипатында жүргізген аса тиімді. Ең бастысы, талқылауға дайындаған баяндамалар мен көзқарастардың мазмұны ұсынылған тақырыпқа қатысты болуы керек [2].


Білім алушы үшін талқылау әдісінің маңыздылығы айқын. Себебі ол студенттің бойында қазіргі жаңа оқу жоспарында талап етілген құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді: коммуникативтік (талқылауға қатысушы топпен байланыс орнату алу, сұрақтарды дұрыс қоя білу, өз көзқарасын дәлелдей алу, өзгенің пікіріне құрмет көрсету және оны қабылдай білу т.б.); талқылауға ұсынылған ақпаратты жеткізе алу; шешендік өнердің қабілетін меңгеру; топта жұмыс істей білу; ұсынылған мәселенің пайда болуына әкелген себептерді анықтау және оларды шешу жолдарын табу; жинақталған білім мен тәжірибені өзінің кейінгі білім алу үдерісінде немесе кәсіби қызметінде пайдалану алу болып табылады.

Сонымен қатар олар алған білімін ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге; түрлердің экологиялық ерекшеліктерін екшелеуге, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің эволюциясындағы әртүрлі топтардағы жануарлардың маңыздылығын анықтауға қолданады, ғылыми мәселелерді қоя біледі, лабораториялық және далалық жағдайларда зерттеу жұмыстарын іске асыруда практикалық дағдыларға ие болады.

Биология-география факультетінің студенттерін мамандыққа оқытудың негізгі міндеттері олардың танымдық қызығушылығын арттыру, ойлау қабілетін дамыту, творчестволық мүмкіндіктерін қалыптастыру, білімге құштарлығын ояту және болашақта білімді де білікті маман болуына көмектесу болып табылады.

Зоология пәнінің зертханалық сабағында, жан-жануарларды омыртқасыздар мен омыртқалыларды жан жақты қарастырады. Ол танымдық қызығушылық бағытындағы зерттеуші студенттер– интеллектуалды альтруисттер, эрудиттер, интеллектуалды прагматиктер, индифференттер. Альтруисттер білімге құштар. Эрудиттер альтруисттер сияқты бірақ өз білімдерін жариялауға да ұмтылады. Танымдық қызығушылығы жақсы дамыған прагматиктер. Олар алдыңғы екі топтан айырмашылығы оларды оқу үрдісінің өзі емес, оның нәтижесі толғандырады. Прагматиктер өмірге қажет дегендерді мойындайды. «Индифферентті» студенттер тобы білімге, оқу үрдісіне немқұрайлы қарайды [3-6].

Суреттен көріп отырғандай аквариумды экологиялық жүйенің қарапайым моделі деп қарап, ондағы топырақ пен судың құрамының өзгеруіне, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіне бақылау жасап, ғылыми тұрғыда баға беруге болады (Сурет 1).



Сурет 1. Омыртқалылар зоологиясы зертханасындағы аквариум

Осы берілген суреттер мен кестелер студенттердің өзіндік жұмыстарын орындау барысындағы нәтижелер. Олар аквариум тұрғындарын толық сипаттап, талдады. Негізгі зерттеу нысаны балықтардан басқа ұлу және ондағы қарапайымдар, микроорганизмдер мен балдырларды да анықтады (Сурет 2).



Балықтар Моллюскалар элодея  
Сурет 2. Аквариумдағы болатын байланыс түрлері

1-кесте Аквариумдағы тоған ұлуының сипаттамасы

атауы	<i>Pomacea bridgesii</i>
туыс	<i>Ampullariidae</i>
ареалы	Боливия , Бразилия, Парагвай және Перу
өмір сүру ортасы	өзен - көлдер, тоғандар, ағын суларда, таяз сулы көлшіктер.
өлшемі	5 -15 см дейін
өмір сүру ұзақтығы	1 – 4 жыл
алғаш сипатталуы	Рив, Ловелл Огастус 1856 ж

Бұл кестеде тоған ұлуының сипаттамасы берілген. Морфометриялық өлшемдері, жасы, жынысы, өсімталдығы анықталған. Қоректенуі, бір бірімен трофикалық байланысы қарастырылған.

Жоғарыда айтылғандай, мұнда ЭК-21 тобының зерттеушілік, топтық, танымдық жұмыстарының қорытындылары берілген.

## Әдебиеттер:

1. Интерактивные методы обучения // [www.golubka.org/materials/](http://www.golubka.org/materials/)
2. Мынбаева А.К., Садвокасова З.М.. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: учебное пособие. – 4-ші баспа, қосымша. – Алматы, 2010. – 344 б.
3. Педагогика и психология высшей школы М.В.Буланов-Топорков жетекшілігімен: оқу құралы. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2002. – 544 б.
4. Панфилова А.П. Игровое моделирование в деятельности педагога. Мәскеу: «Академия» баспа орталығы, 3-ші баспа, 2008 ж. – 368 б.
5. Анисимов В.В., Грохольская О.Г., Никандров Н.Д. Общие основы педагогики. – М.: Просвещение, 2006.
6. Пугачев В.П. Тесты, деловые игры, тренинги в управлении персоналом: ЖОО студенттеріне арналған оқулық. – М.: Аспект Пресс, М., 2001. – 285 б.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ТІЛ ҮЙРЕНУШІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ӘРЕКЕТТЕРІ

Кенжебекова Ж.А., г.ғ.м., аға оқытушы; Аметова А.Ж., г.ғ.м., аға оқытушы;  
 Балапанова Қ.Ж., г.ғ.м., аға оқытушы; Абдуова Н.М., г.ғ.м., оқытушы  
 Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
 Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Тілді оқытудағы жаңа бағыттар студенттің уақытты үнемдеп, өз бетімен жұмыс істеуін, алған білімін жетілдіріп, тілді меңгерген өз деңгейін көрсетуді талап етеді. Сабақ үрдісінде оқытушы материалдарды тақырыпқа сай, студенттердің қызығушылығы мен ойлау қабілетін арттыру, сөйлеу, ойын еркін жеткізу деңгейіне көтеру, яғни коммуникативтік қабілеттеріне сай пайдаланады.

Жаңа технологияны меңгерген оқытушы білім беру арқылы жеке тұлғаның бойында интеллектуалдылық, адамгершілік, рухани қасиеттерді қалыптастыра алады. Сабақ барысында сөйлеу әрекетінің түрлерін тақырыпқа байланысты таңдап алып, студенттердің кәсіби шеберлігін танымдығын дамытамыз. Тіл үйренудің мақсаты – студенттерді күнделікті қарым-қатынас түрлеріне еркін араласып, өз мамандығы бойынша тілдік қарым-қатынас орната білу. Мамандық саласына қарай жиі кездесетін лексиканы, ғылыми терминдерді, күрделі синтаксистік құрылымдарды қолдану сөйлеу әрекетіне негіз болады.

Оқытушы мемлекеттік тілді оқытуда әр сабақта жаңа технологиялық әдістерді түрлендіріп, сөйлеу әрекеттерін тіл үйренушінің қабылдауы арқылы нәтиже беретін тиімді жолдарын пайдалануы қажет. Сапалы білім нәтижесі әр оқытушының шығармашылық ізденісін, әдістемелік тәжірибесін көрсетеді.

Кредиттік технология жүйесінде тілді оқыту ағымдық бақылау – сөйлеу әрекетінің түрлері (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылымға) бағытталады. Осы тұрғыда сөйлеу әрекетін қалыптатыру үшін мына үлгілерді ұсынамыз:

### 1. Айтылым

Сұхбат – тілдік қарым-қатынас орнатуда студенттердің ой-өрісін дамыту үшін, тіл мәдениетін қалыптастыруда көмекші құрал.

- өзін, жанындағы адамды ортамен таныстыру;
- екеуара сөйлесу;
- қысқа сұхбаттарға (сәлемдесу, танысу, кездесу) қатысу, ой бөлісу, әңгімелесу;

### 2. Тыңдалым

Тыңдаушының берілген ақпараттың мазмұнын түсініп, қабылдауы.

- Сұраққа дұрыс жауап беру;
- Ақпараттың (сұхбат, хабарлама, радио, теледидардағы жарнама, ақпараттық хабарландыру)

дұрыс немесе жалған екенін анықтау;

- Үзіліп қалған ақпаратты (мәтінді) толықтыру;
- Сөз және сөз тіркестері бойынша мәтінің тақырыптарын анықтау;
- Тірек сөздер арқылы ұнтаспадан тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну;

### 3. Монолог

Ойлау стратегиясы бойынша жүргізілген жұмыс түрі, студенттің ішкі ойын тыңдаушыларға жеткізуі.